Педагогикалық әдеп отырысының

№1 ХАТТАМА

Тақырыбы: «Педагогикалық әдеп – педагогтің кәсіби мәдениеті мен жауапкершілігінің негізі»
Өткізілген мерзімі: 4 қыркүйек 2026 жыл
Өткізілген орны: музыка залы
Қатысқандар: меңгеруші, әдіскер, педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес мүшелері
Қатысу саны: 22 адам
Кеңес төрағасы: Өмірғалиева А.Б
Хатшы: Бақыт А.Ж

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Педагогикалық әдептің негізгі қағидаттары мен нормаларын зерделеу.
2. Педагогтің балаға, ата-анаға және әріптестеріне қарым-қатынас мәдениеті.
3. Қызметтік әдеп пен ішкі еңбек тәртібін сақтау.
4. Педагогтің сыртқы мәдениеті, сөйлеу әдебі және кәсіби беделі.
5. Ұжымда өзара сыйластық пен сенім атмосферасын қалыптастыру.

1-мәселе бойынша
«Педагогикалық әдептің негізгі қағидаттары мен нормаларын зерделеу»
Тыңдалды:
Меңгеруші Өмірғалиева Айдана Баубекқызы сөз сөйледі.

Педагогикалық әдептің педагогтің кәсіби қызметіндегі маңызды талаптардың бірі екендігі атап өтілді. Педагог өз қызметінде адалдық, әділдік, жауапкершілік, әдептілік және құрмет қағидаттарын басшылыққа алуы қажеттігі түсіндірілді.

Педагогтің тәрбиеленушінің ар-намысы мен қадір-қасиетін құрметтеуі, әр балаға жас ерекшелігі мен жеке ерекшеліктерін ескере отырып қарым-қатынас жасауы маңызды екені айтылды.

Педагогикалық әдеп нормаларын сақтау ұжымдағы жағымды психологиялық ахуал қалыптастыруға және педагогтің кәсіби беделін арттыруға ықпал ететіні атап өтілді.

2-мәселе бойынша
«Педагогтің балаға, ата-анаға және әріптестеріне қарым-қатынас мәдениеті»
Тыңдалды:
Әдіскер Бақыт Арайлым Жалғасханқызы сөз сөйледі.

Мектепке дейінгі ұйым жағдайында педагогтің балалармен қарым-қатынасы ерекше маңызға ие екендігі айтылды.

Педагог балаға дауыс көтермей, кемсітпей, қорқытпай, сабырлы әрі мейірімді қарым-қатынас жасауы тиіс.

Ата-аналармен жұмыс барысында олардың пікірін құрметтеу, ақпаратты дұрыс жеткізу және туындаған мәселелерді өзара түсіністік пен ынтымақтастық негізінде шешу қажеттігі түсіндірілді.

Әріптестер арасында өзара құрмет, қолдау және кәсіби ынтымақтастықты сақтау қажеттігі атап өтілді.

3-мәселе бойынша

«Қызметтік әдеп пен ішкі еңбек тәртібін сақтау»

Тыңдалды:

Әдіскер Бақыт Арайлым Жалғасханқызы сөз сөйледі.

Педагогтердің ұйымның ішкі еңбек тәртібін, жұмыс уақытын, қызметтік міндеттерін және еңбек тәртібін сақтау мәселелері қаралды.

Әр педагог өзіне жүктелген міндеттерді жауапкершілікпен орындауы, жұмыс орнында белгіленген тәртіпті сақтауы және әріптестерінің еңбегіне құрметпен қарауы қажеттігі айтылды.

Қызметтік мәселелерді шешу барысында педагогикалық әдеп пен кәсіби мәдениетті сақтау ұсынылды.

4-мәселе бойынша

«Педагогтің сыртқы мәдениеті, сөйлеу әдебі және кәсіби беделі»

Тыңдалды:

Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес мүшесі Таң Айгүл сөз сөйледі.

Педагогтің сыртқы келбеті, сөйлеу мәнері, дауыс ырғағы және адамдармен қарым-қатынас жасау мәдениеті оның кәсіби беделіне әсер ететіні айтылды.

Балалармен сөйлесуде қарапайым, түсінікті және жағымды сөздерді қолдану, ата-аналармен және әріптестермен сөйлесу барысында сыпайылық сақтау қажеттігі талқыланды.

Педагогтің жеке мәдениеті балаларға үлгі болатындықтан, әрбір педагог өзінің мінез-құлқына жауапкершілікпен қарауы керектігі атап өтілді.

5-мәселе бойынша

«Ұжымда өзара сыйластық пен сенім атмосферасын қалыптастыру»

Тыңдалды:

Педагог-психолог/кеңес мүшесі Аяганова Гүлнар сөз сөйледі.

Ұжымдағы жағымды моральдық-психологиялық ахуал педагогтердің кәсіби қызметіне тікелей әсер ететіні айтылды.

Әріптестер арасында бір-бірін қолдау, пікірін құрметтеу, тәжірибе бөлісу және қиын жағдайда көмек көрсету мәдениетін қалыптастыру ұсынылды.

Педагогтер арасында түсініспеушілік туындаған жағдайда мәселені

Кеңес барысында педагогтер өз пікірлерін білдіріп, педагогикалық әдепті сақтауға қатысты ұсыныстарын ортаға салды.

ҚАУЛЫ:

1. Педагогтер педагогикалық әдептің негізгі қағидаттары мен нормаларын күнделікті кәсіби қызметінде басшылыққа алсын.
2. Балалармен, ата-аналармен және әріптестермен қарым-қатынаста сыйластық, әдептілік, әділдік және сабырлылық қағидаттары сақталсын.
3. Педагогтер ұйымның ішкі еңбек тәртібі мен қызметтік әдеп талаптарын қатаң сақтасын.
4. Педагогтердің сөйлеу мәдениетіне, сыртқы мәдениетіне және кәсіби беделіне жауапкершілікпен қарауы қамтамасыз етілсін.
5. Ұжымда өзара сыйластық, сенім және кәсіби ынтымақтастықты нығайтуға бағытталған жұмыстар жалғастырылсын.
6. Педагогикалық әдеп нормаларының алдын алу және түсіндіру жұмыстары оқу жылы бойы жүйелі жүргізілсін.
7. Осы қаулының орындалуын бақылау меңгеруші мен әдіскерге жүктелсін.

Кеңес төрағасы: Өмірғалиева А.Б

Хатшы: Таңай А.Ғ.